

Болсынбекова Г.А.
Alikhan Bokeikhan University
Қазақстан, Семей
e-mail:bolsynbekovag@mail.ru

КӘСІПОРЫННЫҢ АЙНАЛЫМ КАПИТАЛЫН БАСҚАРУ

Аннотация. Айналым капиталын басқару үдерісі өзінің табиғаты бойынша нарықтық қатынастар жағдайында кәсіпорын қызметінің нәтижелерін қалыптастыруда жоғары маңызға ие. Айналым активтерін басқару кезінде олардың оңтайлы көлемі мен құрылымын анықтау, сондай-ақ оларды қаржыландыру көздерін қалыптастыру басты мақсат болып табылады. Өтімділікті сақтау үшін кәсіпорынның айналым қаражатының жоғары деңгейі болуы керек, бірақ табыстылықты арттыру үшін кәсіпорын айналым қаражатының көлемін азайтуы керек. Айналым капиталын бүкіл өндіріс үдерісі жүзеге асырылатын, кәсіпорынның пайда деңгейін, өнім көлемін реттейтін тұтқа ретінде сипаттауға болады.

Түйінді сөздер: айналым капиталы, өнімдер, өндірістік айналым қорлары.

Болсынбекова Г.А.
Alikhan Bokeikhan University
Қазақстан, Семей
e-mail:bolsynbekovag@mail.ru

Управление оборотным капиталом предприятия

Аннотация. Процесс управления оборотным капиталом по самой своей природе имеет большое значение в формировании результатов деятельности предприятия в условиях рыночных отношений. При управлении оборотными активами основной целью является определение их оптимального размера и структуры, а также формирование источников их финансирования. Для поддержания ликвидности предприятие должно иметь высокий уровень оборотного капитала, но для повышения рентабельности предприятие должно уменьшить объем оборотного капитала. Оборотный капитал можно охарактеризовать как рычаг, регулирующий весь производственный процесс, уровень прибыли предприятия и объем выпускаемой продукции.

Ключевые слова: оборотный капитал, продукция, производственный оборотный капитал.

Воксынбекова Г.А.
Alikhan Bokeikhan University
Kazakhstan, Semey
e-mail:bolsynbekovag@mail.ru

Working capital management of the enterprise

Abstract. The process of working capital management, by its very nature, is of great importance in shaping the results of an enterprise's activities in market conditions. When managing current assets, the main goal is to determine their optimal size and structure, as well as the formation of sources of their financing. To maintain liquidity, an enterprise must have a high level of working capital, but to increase profitability, an enterprise must reduce the amount of working capital. Working capital can be characterized as a lever that regulates the entire production process, the level of profit of the enterprise and the volume of output.

Keywords: working capital, products, production working capital.

Айналым капиталы (айналым құралы) әрбір өндірістік цикл үшін шикізат, негізгі және көмекші материал сатып алуға және кәсіпорын жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу үшін жұмсалатын ақшалай қаражат.

Айналым құралы (нарықтық экономикалы елдердің тәжірибесінде оны айналым капиталы деп атайды) кәсіпорынның ағымдық қызмет етуін қамтамасыз етуде маңызды ресурс болып табылады.

Айналым құралының құрамы деп оны құрайтын элементтер жиынтығын айтады. Айналым құралы айналым қоры мен айналыс қорынан тұрады. Ол өндіріс сферасы мен айналыс сферасына қатысты анықталады.

Өндірістегі айналым құралының шамасы негізінен бұйымды жасаудың өндірістік цикл ұзақтығымен, техниканың даму деңгейімен, технология мен еңбекті ұйымдастыруды жетілдірумен анықталады. Айналыс құралының сомасы өнімді өткізу жағдайына және өнімді жабдықтау мен ұйымдастыру деңгейіне қатысты.

Үздіксіз өндірістік үдерісті қамтам асыз ету үшін негізгі өндірістік қорлармен қатар оған заттармен материалдық ресурстар қажет. Еңбек заттары еңбек құралдарымен бірге үдеріс іне қатысып, олардың құны өндірілетін өнімнің материалдық негізін жасап, өнімнің өзіндік құнын құрайды [1,2456].

Өндірістік айналым капиталдың заттық элементтерінің айналымдылығымен, еңбек үдерісімен және негізгі өндірістік қорлармен тығыз байланыста болады. Кәсіпорынның айналым қоры мен айналым капиталы түсінігін, оның мәнін, қызметімен құрамын қарастырайық. Бұл түсініктер барабар ұғымдар емес екенін естен шығармау керек. Айналым қоры бұл өндірістік міндетті, ал өндірістің өзіндік құнының негізгі бөлігі.

Оның негізгі өндірістік қорлардан ерекшелігі айналым қоры әрбір өндірістік толығымен тұтынылып, өзінің құнын өндірілген өнімге толығымен өткізеді.

Айналым қоры өндірісте пайдалануға немесе белгі бір жұмыс пен қызметті орындауға арналған шикізаттар, материалдар, сатып алынған жартылай өңделген өнімдер, құрастырушы өнімдер, отын, ыдыс, ыдысқа арналған материалдар, қосалқы бөлшектер және басқа да материалдар, қосалқы бөлшектер және басқа да материалдар аяқталмаған өндіріс түрінде болады.

Өнім бірлігіне жұмсалған шикізат, материалдар, отын мен энергия шығыны неғырлым аз болса, өнімді өндіруге және дайындауға жұмсалатын еңбек шығыны соғырлым үнемді әрі оның өзіндік құны арзан болады.

Айналым қорына қарағанда айналым капиталы экономикалық санат ретінде кең мағынаны береді. Ол айналым қоры мен айналыс қорынан тұрады. Айналыс қоры қызмет барысында сатуға шығарылған дайын өнім, тауарлар, сондай-ақ кәсіпорын кассасындағы немесе банкінің есеп айрысу шотындағы қаржылар және дебиторлық қарыздар түрінде көрінеді. Айналыс қорлары құн түзуге қатыспайды, бірақ түзілген құнды жеткізуші болып табылады. Айналыс қорының негізгі қызметі — ақшалай қаражат арқылы айналымның үздіксіздігі мен бір қалыптылығын қамтамасыз ету [3,466]. Айналым капиталы дегеніміз — өндірістік айналым қорлары мен айналыс қорларын құруды және олардың үздіксіз айналымдылығын қамтамасыз ететін алдын ала бөлінген ақшалай қаражаттардың жиынтығы. Өндірістік айналым қорлары — бұл еңбек заттары (шикізат, негізі материалдар мен жартылай өңделген өнімдер, қосымша материалдар, отын, ыдыстар, қосалқы бөлшектер және т.б.) мен аяқталмаған өндіріс өнімдері [3,476]. Өндірістік айналым қорлары өндіріске өзінің табиғи-заттық күйінде қатынасады да, өнім дайындау үдерісінде толығымен тұтынылып, өзінің құнын жасалатын өнімнің өзіндік құнына өткізеді. Өндірістік айналым қорлары құрамындағы өндірістік қаражаттардың мөлшерімен, ең алдымен өндірісі ұйымдастырудың техникалық деңгейімен және дайындалатын өнімнің өндірістік цикілінің ұзақтығымен сипатталады. Нарықтық экономика жағдайында кәсіпорынның қалыпты жұмыс істеуі үшін жеткілікті көлемде айналым капиталының болуы қажетті алғышарт болып саналады. Демек айналым капиталы өндірістің үздіксіз жұмыс атқарауын қамтамасыз етеді. Ең бастысы, мына мәселені анықтауы қажет: кәсіпорын айналым қоры мен айналыс қорын мейлінше тиімді пайдалану үшін не істеу керек және өнімнің материал

сыйымдылығын төмендетіп, айналым қаражаттарының айналымдылығын жеделдету үшін қандай шаралар қолданған жөн деген мәселеге қатты көңіл бөлу керек.

Айналым капиталын тиімді пайдалану көпшілігінде олардың қажеттілігін дұрыс анықтау болып табылады. Себебі, өндірістің осы көлемінде жоспарланған пайданы ең төменгі мөлшердегі шығынмен табуға үлкен ықпалын тигізеді. Айналым капиталының төмендетілген мөлшері кәсіпорынның тұрақсыз қаржы жағдайына, өндіріс үдерісінің іркілісіне әкеп соқтырады. Осының салдарынан өндірістің көлемі мен пайдасы төмендейді. Осы кезекте айналым қаражаттарының көтеріңкі мөлшері кәсіпорынның өндірісті ұлғайту үшін күрделі қаржы шығынын жұмсау мүмкіндігі төмендейді. Кәсіпорында айналым қаражатының қажеттілігін анықтау кәсіпорынның өндіріс жоспары және өндіріс шығынның сметасымен үйлестіру қажет.

Әуелі кәсіпорын құрылғанда айналым қаражаттары жарғылық қордың бір бөлігі ретінде қалыптасады. Олар тауарлық өнімдерді өндіруге байланысты өндірістік қосалқы қорларды сатып алу үшін жұмсалады. Дайын өнім қоймаға түседі, содан соң тұтынушыларға жіберіледі. Оның төлеуге дейінгі мезетінде өндіруші ақша қаражаты мұқтажынан жоқшылық көреді. Мұқтаждың бұл деңгейі салынған қаражаттың көлеміне байланысты, ол жыл ішінде түрлі себептермен тұрақсызданады. Сондықтан да кәсіпорын айналым қаражатын қалыптастыруда басқа да қиындық көздеріне ұшырайды- орнықты орнықты пассивтер, несиегерлік берешек, банк несиесі және басқа да несиегерлер. Өндірістік бағдарламаның өсу мүмкіндігіне байланысты айналым қаржыларына мұқтаждық артады, осыған орай, қаражатының өсуіне тиісті қаржыландыруды қажет етеді. Бұл жағдайда оларды толықтыру көзі кәсіпорынның таза пайдасы болып саналады. Айналым қаражаты ретінде кәсіпорын орнықты пассивтерді пайдаланады. Олар жеке көздеріне теңестіріледі, себебі кәсіпорынның айналымында түпкілікті болып, оның іс-әрекетін қаржыландыру

үшін қолданылады.

Айналым қоры өндірісте пайдалануға немесе белгілі бір жұмыс пен қызметті орындауға арналған шикізаттар, материалдар, сатып алынған жартылай өңделген өнімдер, құрастырушы өнімдер, отын, ыдыс, ыдысқа арналған материалдар, қосалқы бөлшектер және басқа да материалдар аяқталмаған өндіріс түрінде болады. Өнім бірлігіне жұмсалған шикізат, материалдар, отын мен энергия шығыны неғұрлым аз болса, өнімді өндіруге және дайындауға жұмсалатын еңбек шығыны соғұрлым үнемді әрі өзіндік құны арзан болады.

Айналым қорына қарағанда айналым капиталы экономикалық санат ретінде кең мағынаны береді. Ол айналым қоры мен айналыс қорынан тұрады.

Айналыс қоры қызмет барысында сатуға шығарылған дайын өнім, тауарлар, сондай-ақ кәсіпорын кассасындағы немесе банкінің есеп айрысу шойындағы қаржылар және дебиторлық қарыздар түрінде көрінеді.

Айналыс қорлары құн түзуге қатыспайды. Айналыс қорының негізгі қызметі – ақшалай қаражат арқылы айналымның үздіксіздігі мен бір қалыптылығын қамтамасыз ету.

Сонымен, айналым капиталы деп өндірістік айналым қоры мен айналыс қорына арналған кәсіпорынның ақшалай қаражатын айтамыз.

Өндірістік негізгі қорларға қарағанда кәсіпорындардың өндірістік айналым қоры өндіріс қорларының әрбір өндірістік циклінде жұмсалып, олардың құны еңбек өнімінің құнына бірден толығымен өтетін заттық элементтердің бөлігі болып саналады. Заттық элементтердің бөлігі болып саналады. Заттық элементтер еңбек үдерісі болып саналады. Заттық элементтер еңбек үдерісі барысында табиғи қалпы мен физикалық-химиялық құрамы жағынан біраз өзгеріске ұшырайды. өндірісте тұтынылу барысында олар өздерінің тұтынылу барысында олар өздерінің тұтыну құнын жоғалтады. Ал жаңа тұтыну құны олардың өнімі түрінде пайда болады.

Айналым капиталы өндіріс және айналыс өндірісінде пайдаланылып, жабдықтау, өндіру, өткізу сияқты үш

кезеңнен өтеді және осы кезеңдер ішінде әр түрлі табиғи күйге енеді.

Айналым капиталын қайта жаңғырту үдерісінің міндетіне қарай төрт топқа бөлінеді: өндірістік запас (босалқы), аяқталмаған өндіріс (аяқталмаған өнім), дайын өнімдер және ақша қаражаттары (есеп айырысу шотындағы қаражаттарды қоса санағанда).

Өндірістік запасқа келесілер жатады.

Шикізат пен негізгі материалдар – бұл дайын өнімнің материалдық-заттық негізін түзетін және өндіріс үдерісінде өзінің түрін өзгертетін еңбек заттары. Шикізат пен материалдардың нақты түрі әрбір өнеркәсіп кәсіпорыны шығаратын өнім түріне қарай анықталады.

Сатып алынған жартылай өңделген өнім мен жинақтау бұйымдары – дайын өнім құрамына кіреді және берілген кәсіпорында белгілі бір еңбектің жұмсалудың немесе қосымша өңдеуді қажет етеді [2,50-51б].

Көмекші материалдар тікелей дайын өнімнің құрамына кірмейді, бірақ оны дайындауға немесе белгілі бір қасиет беруге пайдаланылады. Көмекші материалдарға майлау, сұрту материалдары, бояулар, отын және т.б. жатады. Халық шаруашылығында отынның салмағы басым болғандықтан, теңдестікте ол жеке баптармен қарастырылады.

Қосалқы бөлшектер негізді қорды ағымдағы жөндеу жұмыстары үшін пайдаланады, дегенімен ол айналым капиталының құрамында есепке алынады.

Келешекте қажетті өндірістік қорлар құрамына белгілі бір уақыт аралығында тауар (өнім) жабдықтаушыдан тұтынушыға жететін жолдағы материалдық құндылықтар да жатқызылады. Қолданылатын тауар мен қызмет үшін қазіргі есеп айырысу тәртібі бойынша мұндай жүктердің құны сатып алышуға жеткізілген кезінде емес, келісімшартта көрсетілген уақытына сай төленеді. Ал көптеген жағдайда тауар құжаттары жүктің өзінен бұрын жеткізіліп, кәсіпорынның айналым капиталының бір бөлігі әлі жолда келе жатқан материалдық құндылықтарға төлем жасауға жұмсалады.

Кәсіпорынға келіп түсетін материалдық құндылықтар бірден өндіріс үдерісінде пайдаланылмайды, олар алдымен

қоймаларда сақталады. Қоймада келешекте қажет қордың болуы өндірістік үдерістің үзіліссіз жүріп отыруын қамтамасыз етіп, оны кейбір жоспарланбаған қиыншылықты сақтайды. Сосын материалдар цехқа жөнелтіліп, онда өңделеді де, аяқталмаған өндіріс (аяқталмаған өнім) түріне енеді.

Аяқталмаған өндіріс өнімінің құны жұмсалған шикізаттың, негізгі және көмекші материалдардың, отын, энергия, су, бу, сығылған ауа құнынан, өнімге қосылған негізгі қорлар құнының бір бөлігінен, сондай-ақ қызметтерлерге берілген еңбекақы түріндегі шығындар қосындысының жиынтықтарынан құралады.

Кәсіпорын сатып алынатын жартылай дайын заттардан басқа, өзінде дайындалатын, аяқталмаған өнімге ұқсас жартылай өңделген өнімдерде де пайдаланады.

Жаңа өнімді игеруге, дайындауға және басқа да ұзақ мерзімді жұмсартуға жұмсалған шығындар болашақ кезеңнің шығындарын құрайды және келешектегі өнімнің өзіндік құнына қосылады.

Өндірістік үдерістің толық орындалуына байланысты аяқталмаған өнімге жұмсалған айналым қоры дайын өнім түріне өтеді. Дайын өнім – бұл белгілі бір кәсіпорында өңделуі аяқталған және стандарт бойынша қабылданған өнімдер.

Дайын өнімдер жинақтау мен буып-түюге қажетті уақыт аралығында қоймаларда сақталып, содан кейін ғана тұтынушыға жөнелтіледі. Дайын өнім сатылған сатылған соң айналым капиталы жаңа түр – ақша түріне енеді. Сатудан түскен ақшалай табыс қаражаты кәсіпорынның коммерциялық банкілеріндегі есеп айырысу шотына түседі, сонан соң ғана олар қайтадан өндірістік запастар құруға, қызметкерлер еңбекақысын төлеуге және т.б. пайдаланылады [1,248б].

Осылайша, айналым капиталы өндірістік үдерісте келешекте қажет өндірістік запастар мен аяқталмаған өндіріс өніміне, ал айналыс үдерісінде дайын өнімдер мен қаражат түрлеріне ауысып отырады. Бірлік айналымының ұзақтығы өндіріс пен айналыстың жиынтық уақытына тең. Өндіріс және айналыс өндірісіндегі бірлік айналымының ұзақтығына

кәсіпорынның өндіріс-шаруашылық қызметіне қажет айналым капиталының шамасы тәуелді болып келеді. Қаржылар бір түрден екіншісіне неғұрлым жылдам өтіп, айналым тез жүрген сайын, қажетті айналым капиталының жалпы сомасы соғұрлым төмен түседі.

Өндірістік айналым қорлары өзінің барысында айналыс өндірісіндегі айналыс қорларымен де байланысты болады. Оған қоймалардағы дайын өнім, өнімді тұтынушылармен есеп айырысудағы ақшалай және басқа қаражаттар, мысалы дебиторлық қарыздар жатады.

Айналым қорларының жекелеген элементтері немесе олардың құраушы бөліктері арасындағы меншікті қатынасы айналым қорының құрылымы деп аталады.

Ресурсты жинақтау қағидасын мүлтіксіз сақтай отырып, өндірісті қарқындату нарықтық экономикаға өту жағдайында басты міндеттің бірі болып саналады.

Үнемдеу тәртібін орындауға бағытталған іс-шаралардың басты жүйесінде еңбек заттарын үнемдеу мәселесі айырықша орын алады. Бұл - өнімнің сапасына, сенімділігі және ұзақ мерзімді қасиеттеріне ешқандай нұқсан келтірмей, өнім бірлігіне жұмсалатын шикізат, материалдар мен отын шығындарын төмендету деген сөз.

Айналым капиталы өндіріс үдерісіндегі орны мен рөліне қарай ұйымдастыру қағидасы мен түзілу көзі бойынша сараланады. Айналым капиталының едәуір бөлігі (шамамен 80 %-ы) өндіріс саласында қамтылған, себебі тек өндіру барысында ғана жаңадан құн түзіледі. Айналым капиталының барлық жиынтығын пайдалану кезіндегі тиімділігі олардың өндіріс саласындағы үлесіне тәуелді. Айналыс шеңберіндегі айналым капиталы өндіру үдерісінің үздіксіздігін қамтамасыз етеді.

Жыл сайын кәсіпорындардың және бірлестіктердің қаржы жоспарында меншікті айналым капиталының нормативінің өсімі, ең алдымен, жеке ресурстар (пайда және т.б.) есебінен құралады.

Меншікті айналым капиталының өсімін қаржыландырудың негізгі көзі кәсіпорынның пайдасы болып табылады.

Сонымен қатар, меншікті айналым капиталының өсімін қаржыландыруға меншікке теңестірілген тұрақты пассив деп аталатын өзге де көздерді пайдалану қажет болып табылады. Өмірде бұл қаржыландыру көзін кәсіпкерлер үнемі пайдаланып отырады. Бұл, әсіресе, қаржы ресурстары жаппай тапшы болған өтпелі кезеңде кеңінен қолданыс тауып отыр.

Тұрақты пассив деп кәсіпорын айналыста үнемі пайдалатын, бірақ оның меншігіне жатпайтын пассивтерді атайды және оларға келесілерді жатқызуға болады:

а) жұмыскерлер мен қызметкерлер еңбекақысына берілетін ең аз мөлшердегі көлемі есебінен;

ә) әлеуметтік сақтандыру мен салық төлемдерінен;

б) келешекте болатын төлемақылар резервінен;

в) ағымдағы сыйақы тағайындауға арналған материалдық ынталандырудың тұрақты айнымалы қор қалдығынан, сондай-ақ әлеуметтік-мәдени іс-шаралар мен тұрғын үй құрылысына арналған қорлардан;

г) жабдықтаушыларға құжаттары ресімделмеген тауарлар бойынша берешектен;

ғ) заңнаға сәйкес сатып алатын тауары үшін ең аз мөлшердегі алдын ала төленген қаржы көлемінен [1,251б].

Тұрақты пассивтерді меншікті айналым капиталына теңестіру қажет, себебі олар үнемі кәсіпорын иелігінде болады және шаруашылық айналыста пайдаланылады. Олардың үлес салмағы, әсіресе еңбекақы өнімнің өзіндік құнының едәуір бөлігін құрайтын өнеркәсіп салаларында, сондай-ақ өнімнің жартылай дайындығы бойынша төлем жүргізетін салаларда жоғары болып келеді. Айналым қорларының айналым ұзақтығы аз болған сайын немесе сол өткізілген өнім көлемінде жүргізілетін айналымдар саны көп болған сайын, соншалықты айналым қорларын аз қажет етеді, және толықтай айналымды тез жүргізеді, сонымен олар тиімді пайдаланылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Рахметов Б.А. Кәсіпорын экономикасы : Оқу құралы .- Алматы, 2020.
2. Раимбеков Ж.С. Кәсіпорын экономикасы : Оқу құралы: практикум .- Алматы, 2019.
3. Рахматуллаева Д.Ж. Экономика предприятия: Учебное пособие.- Алматы, 2018.

References

- 1.Rakhmetov, B.A. Kasiporyn ekonomikasy: Oku kuraly. - Almaty, 2020
- 2.Raimbekov, Zh.S. Kasiporyn economics: Oku kuraly: workshop. - Almaty, 2019.
3. Rakhmatullaeva D.Zh. Enterprise Economics: Textbook. - Almaty, 2018

Автор туралы мәліметтер

Болсынбекова Гүльнара Абылхаковна

Лауазымы:PhD, бизнес және басқару кафедрасының аға оқытушысы, Alikhan Bokeikhan University

Пошталық мекен-жайы: 071400 Республика Казахстан г. Семей, Бозтаев көшесі 17 Г

Ұялы тел. 8 701 343 97 11

e-mail:bolsynbekovag@mail.ru

Сведения об авторе

Болсынбекова Гүльнара Абылхаковна

Должность:PhD, старший преподаватель кафедры бизнес и управление , Alikhan Bokeikhan University

Адрес: 071400 Республика Казахстан г. Семей, ул.Бозтаева 17 Г

Сот.тел. 8 701 343 97 11

e-mail:bolsynbekovag@mail.ru

About the author

Bolsynbekova Gulnara Abylkhakovna

Position:PhD, senior lecturer at the Department of Business and Management ,Alikhan Bokeikhan University

Address: 071400 Republic of Kazakhstan, Semey, Boztaev St. 17G

Mob.Phone: 8 701 343 97 11

e-mail:bolsynbekovag@mail.ru